

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ» КММ**

**Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2022 жылы аталып
өтілетін және еске алынатын күндер күнтізбесі**



Ақпараттық – библиографиялық орталық

Өскемен қаласы, 2021 ж.

Құрастырушыдан

Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы «Шығыс Қазақстанда 2022 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» атты күнтізбесін басылымға әзірледі.

Күнтізбе екі тараудан тұрады. Бірінші тарау аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбесінен тұрады. Аталмыш тізімде өмірбаяны мен шығармашылығы талданатын есімдер жұлдызшамен белгіленген, ал айы мен күні белгісіз атаулы күндер бөлек тізбемен көрсетілген.

Екінші тарау мерейтойлары аталып өтілетін ақын-жазушылардың, мәдениет қызметкерлері мен өлкеміздің құрметті азаматтарының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы қысқаша анықтамалармен және әдебиеттер тізімі берілген.

Ұсыныс көрсеткіштегі еске алынатын есімдердің әліпбилік көрсеткіші қажетті мерейтой иесін тез табуға көмектеседі.

Көрсеткіш облыс кітапханашыларына, мәдени шара ұйымдастырушыларға, телерадио және баспасөз қызметкерлеріне, жалпы балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беретін ұйым жетекшілеріне, сонымен қатар облысымыздың тарихын, мәдениетін жетік білгісі келетін барша оқырмандарға арналады.

Осы көрсеткіш құралы туралы пікірлеріңізді, ескертпелер мен ұсыныстарыңызды мына мекенжай бойынша жолдауларыңызды сұраймыз:

**Өскемен қ-сы,
Космическая к-сі, 6/2
Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы
Ақпараттық-библиографиялық орталық
e-mail: childrenlibrary@mail.ru**

Әдебиеттер тізімі көрсетілмеген аталып өтілетін және еске алынатын күндердің тізбегі

ҚАҢТАР

1 –	Мұхамметқали Хасеновтың туғанына 95 жыл (1927 – 1987). Жазушы, драматург. Әдеби қызметпен 1957 жылдан бері шұғылданады. Оның «Сарыарқа», «Жоғалған күнделік», «Сырласу», «Қайсар», «Тағы да махаббат туралы» т.б. пьесалары сахналанып жүр. 1973 жылы пьесалар жинағы шықты. «Ботагөз» (1957), «Біздің Күләш» (1967), «Шәкен Айманов» (1974) атты көркем және деректі фильмдер сценарийінің авторы. Ол 1959 жылдан КСРО Кинематографистер одағының мүшесі. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған.
-	Зоя Буланованың туғанына 65 жыл (1957 -). Аудармашы, журналист. Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» роман – дилогиясын орыс тіліне аударған. Бұл аударма «Қабанбай батыр» деген атпен 2005-2006 жылдары жарық көрген. Д.Селихановтың «Өскен өркен» кітабын аударып, «Временем рожденное поколение» деген атпен шығарған.
-	Әбілқасым Жаңбырбаевтың туғанына 95 жыл (1927 – 2012) . Актер, режиссер, Қазақстанның Халық әртісі.
-	Жағда (Жаһуда) Өгізбаевтың туғанына 110 жыл (1912 – 1962). Театр және кино актері, педагог, ҚР-ның еңбек сіңірген әртісі.
-	Үлкен Нарын ауылының құрылғанына 60 жыл (1962 ж.). 1997 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысы, Катон-Қарағай ауданының әкімшілік орталығы, халқы 7,3 мың адам (2003).
-	Риддер кентінің облыс орталығына бағынып қала болып қайта құрылғанына 90 жыл (1932).

2 -	Кеңес Одағының Батыры Мұхамадиев Хамза Мұрсалимовичтің туғанына 115 жыл (1907 - 1997). 27 тамыз 1943 жылы батыр атағы берілген. Алтын Жұлдыз және Ленин орденімен марапатталған.
3 –	Суретші Марат Жүнісовтің туғанына 75 жыл (1947–1999). «Осенний этюд» (1986), «Жители Солнца» (1991), «В плену», «Генри Фольгер» (1996), «Аттила – вождь гунов», «Поцелуй» (1999) картиналарының авторы.
4 –	Ақын, жазушы Көпен Еркасовтың туғанына 70 жыл (1952-). «Қарлығаш» (1984), «Төрткүл дүние» (1998) ұжымдық жыр жинақтарында жарияланған. 2003 жылы «Ағажай Алтай» атты кітабы жарық көрген.
5 -	Белгілі қоғам қайраткері Виталий Метгенің туғанына 75 жыл (1947-2003). 1997-2003 ж.ж. ШҚ облысының Әкімі қызметін атқарған.
10 –	Кеңес Одағының батыры Федор Сергеевич Берестовтың туғанына 95 жыл (1922-1944) .
14/2 -	Ресей географы, статист, қоғам және мемлекет қайраткері П. Семенов Тян –Шанскийдің туғанына 195 жыл (1827-1914). Семенов 1856-57 жылдары Тян-Шаньға саяхат жасаған. Бұл орасан зор тау жүйесінің жанартаудан пайда болғанын дәлелдеп, оның орографиясын және биіктік белдемдігін анықтады, ірі мұздықтарды ашты. Сырдарияның бастауларын зерттеп, Шу өзенінің Ыстықкөлден ағып шықпайтынын дәлелдеді.
20 -	Кеңес Одағының батыры Ізғұтты Айтықовтың туғанына 100 жыл (1922-1944).
-	Әнші, режиссер Байғали Досымжановтың туғанына 100 жыл (1922 – 1998). Үш мәрте Еңбек Қызыл Ту және «Парасат» ордендерімен марапатталған.
23-	Композитор, педагог Бағдат Есдәулетовтың туғанына 70 жыл (1952 -). Өскеменнің 280 жылдығына арнап жазылған қала әнұранының авторы.

АҚПАН

1 –	Өскемен «Қазмырыш» АҚ (казцинк) түсті металлургия кәсіпорнына 25 жыл (1997).
5 -	Белгілі әдебиеттанушы Бейбіт Мамыраевтың туғанына 65 жыл (1957 -).
–	Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданына қарасты Ақжар ауылының, іргетасы қаланғанына 100 жыл (1922).
6 -	Анатолий Павлович Лаптевтің туғанына 80 жыл (1942). Сценариші, оператор, ақын, кинорежиссер, ҚР Журналистер одағының мүшесі.
8 –	Жазушы Бейбіт Сапаралының туғанына 60 жыл (1962 -). Семей облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында туған. «Адалбақан» (1992), «Құнанбай қажы» (1995), «Байшөгел» (1995), «Президенттің балалық шағы» (1995), «Олжастың балалық шағы» (1996), «Раббымыз бір – күншығыс, күнбатыста. Восток и Запад – один мир» (2002) атты кітаптардың авторы.
11-	Үлбі ГЭС-нің алғаш іске қосылғанына 85 жыл (1937).
16-	Өнертанушы Нүрия (Алтын) Категенованың туғанына 85 жыл (1937 -).
18-	Зайсан ауданының құрметті азаматы, әнші, режиссер, «Өнерлі елім – Зайсаным» кітабының авторы, Қазақ радиосының ардагері Көкенай Камалиевтың туғанына 85 жыл (1937 -).
20-	Шығыс Қазақстан облысына 90 жыл (1932).
22-	Кинорежиссер Сапарғалиұлы Мәжит Бегалиннің туғанына 100 жыл (1922 – 1978). Режиссерлік шығармалар туралы «Мәжит Бегалин» атты (1966) деректі фильм түсірілген. Алматыдағы №120 гимназия бүгінде М.Бегалин атымен аталады.
27-	Қазақстандық биатлоншы Ольга Дудченконың туғанына 35 жыл (1987).

28 –	Қазақстан Республикасының түсті металлургия өнеркәсібін өркендетушілердің бірі, екі рет Социалистік Еңбек Ері атанған Нәби Құлшыманұлы Жақсыбаевтың туғанына 110 жыл (1912–1975). Зырян мырыш комбинатының бұрынғы директоры.
------	--

НАУРЫЗ

1 –	Ақын Төлеужан Исмайыловтың туғанына 90 жыл (1932-1973)
4 –	Геолог, инженер Павел Петрович Буровтың туғанына 120 жыл (1902 – 1944). Облысқа сіңірген ерен еңбегі үшін мәңгі есте сақтау мақсатында бұрынғы Медвежий көшесі 1946 жылы Буров көшесі деп аталды.
7 –	Авазбакиева Магинур Фатқұлқызының туғанына 115 жыл (1907-1987). Биология ғылымының докторы.
13 –	Боқаев Сәдуақас Хасенұлының туғанына 115 жыл (1907–1942). Мәскеу мемлекеттік университетінің тұңғыш қазақ түлегі, физика-математика ғылымдары бойынша қазақ халқы арасынан шыққан тұңғыш доцент. Абай атындағы (ҚазПИ) қазақ ұлттық педагогикалық университетінің негізін салушылардың бірі.
18 –	Шолпан Дүйсенованың туғанына 95 жыл (1927). Қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш баскетболшы.
19 –	Жазушы-натуралист Владимир Николаевич Нетисовтың туғанына 85 жыл (1937-2013). «Встречи с природой», «Узелки» атты кітаптардың авторы.
22-	Жазушы, суретші Клим Семенович Первушаның туғанына 75 жыл (1947 -).
23 –	Кеңес Одағының Батыры Николай Александрович Шарабариннің туғанына 115 жыл (1907 - 2002). Батыр атағы Н. А. Шарабаринге 1943 жылы 29 қазанда берілді.
24-	Жазушы Төлеуғали Есемжановтың туғанына 80 жыл (1942-1978).

26 –	Жазушы Мұратбек Оспановтың туғанына 60 жыл (1962). Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, бірнеше жыр мүшәйраларының жеңімпазы.
-	Философия ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рахымғали Кұл – Мұхаммедұлының туғанына 55 жыл (1967 -).
27-	ҚР – ның ғылым мен техникаға еңбек сіңірген қайраткері Ғалымқайыр Мұтановтың туғанына 65 жыл (1957 -). «ҚР халыққа білім беру ісінің үздігі», «Ғылымға қосқан үлесі үшін», «Біріккен Еуропа» алтын медалімен басқа да түрлі медалдармен марапатталған.
-	ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Светлана (Шишкина) Махлованың туғанына 45 жыл (1977 -).
29 –	Жазушы Владимир Николаевич Петровтың туғанына 95 жыл (1927–1998). 25 повесть пен әңгіме авторы. Жазушының туған жері туралы «Единая параллель» тетралогиясына оның «Черемша» романы да кірді. Соңғы жазған кітаптары – «Хрустальный глобус», «Большой блеф» (1983), «Альпийская крепость» (1986).
31-	Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің құрылғанына 120 жыл (1902).

СӘУІР

1 -	Мұхтар Әуезовтың «Еңлік – Кебек» қойылымына 105 жыл (1917).
10 -	Ұлы Отан соғысының ардагері, өңіріміздің құрметті азаматы Малдыбаев Оралбек Бейсембайұлының дүниеге келгеніне 100 жыл (1922-2011).
12-	Мәдениеттанушы, тарихшы, қаламгер Бахтажар Мекішевтің туғанына 95 жыл (1927 – 2005).

15-	Техника ғылымдарының кандидаты, ҚР Инженерлік ғылымдар академиясының корреспондент – мүшесі, профессор Сәлемхатұлы Ахат Күленовтың туғанына 90 жыл (1932 - 2007).
23 –	Дмитрий Гордеевич Панкратьевтің туғанына 155 жыл (1867–1956). Өлкеміздің тарихында Д. Г. Панкратьевтің есімі еңбегі сіңген бақ өсіруші маман ретінде белгілі. 1937 жылы Панкратьевтің басшылығымен Өскемен қаласындағы қазіргі Головкин, Горький, Урицкий, Ушанов, Орджоникидзе, қазіргі Тоқтаров көшелеріне 3000 түп ағаш отырғызылған. 1942 жылы көктемде Зайсаннан әкелінген екі жылдық жүзім (виноград) көшеттерін Аблакеткада отырғызып, өнім алған. Сондай-ақ, Панкратьев өз бағында маньчжур жаңғағын егіп, 1949 жылы одан алған өнімі үш тоннаға жеткен
24 –	Жазушы-эмигрант, жерлесіміз Георгии Дмитриевич Гребенщиковтың туғанына 140 жыл (1882–1964). Петроградта «В просторах Сибири» атты екі томдық әңгімелері (1915), «Змей Горыныч» (1916), «Степь да небо» (1917), 1916 жылы «Чураевы» атты көптомдық эпопеясының бірінші кітабы басылып шықты. Гребенщиков 50 жылжық шығармашылық қызметінде 30 шақты әдеби және публицистикалық шығарма жазған.
30 –	Металлургтердің мәдениет сарайының (ДКМ) ашылғанына 65 жыл (1957).

МАМЫР

3 –	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Семей облысы таратылып, Шығыс Қазақстан облысының аумағына енгізілгеніне 25 жыл (1997).
5 –	Ақын, аудармашы Төкен Әбдірахмановтың

	туғанына 105 жыл (1917–1990). «Қарғаш» (1952), «Бекет Өтетілеуов» (1960), «Жаңа ғасыр көгінде», «Мектеп» (1969) шығармаларының авторы.
9 –	Кеңес Одағының Батыры Закария Белімбаевтің туғанына 105 жыл (1917–1982). Батыр атағы 1943 жылы 17 қазанда берілген. Ленин орденімен, 2-ші дәрежелі Отан соғысы медалімен марапатталған.
15 –	Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының (ҰЯО) құрылғанына 30 жыл (1992). ҰЯО полигон кешенінің, ғылыми ұйымдары мен нысандарының негізінде құрылды.
26-	Актер Мақсұт Салықовтың туғанына 95 жыл (1927 – 1977). Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1966).

МАУСЫМ

	Облыстық тарихи өлке тану музейіне 75 жыл (1947).
3-	КСРО білім беру ісінің үздігі, ҚР еңбек сіңірген ұстазы Уәлиахмет Бейделдиновтың туғанына 90 жыл (1932 -). Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері.
7 –	Кеңес Одағының Батыры Молдағалиев Жанғазы Әкімұлының туғанына 105 жыл (1917–1943). Батыр атағы 1944 жылы 19 наурызда берілген. Ж. Ә. Молдағалиев Қызыл Жұлдыз және Ленин орденімен марапатталған.
9-	Ақын, журналист Заутдин Шәмшінің туғанына 75 жыл (1947 -). Тұңғыш өлеңдер жинағы «Жырлайды жүрек, сыздайды жүрек» деген атпен 2003 жылы жарық көрген. 2004 жылы «Сол бір түн» атты жинағы жарыққа шықты.
-	ШҚО Ленин орденімен марапатталғанына 55 жыл (1967).
13 –	Ақын Мерғали Ибраевтың туғанына 80 жыл (1942-1997)

15 –	Жазушы Тәңірберген Әміреновтың туғанына 115 жыл (1907 - 1985). «Жұмбақ тас» (1967); «Қанды қанжар» (1973); «Жол мұраты» (1977) атты өлеңдер жинағының авторы.
16-	Жазушы, журналист Дмитрий Черепановтың туғанына 115 жыл (1907 - 1992). «Крутизна», «Ветер в лицо» романдары тағы да басқа кітаптары жарық көрген.
25 –	Өскемен мырыш зауытының алғашқы өнімін бере бастағанына 70 жыл (1952).
27 –	Ақын Тұрғазы Нұқаевтың туғанына 85 жыл (1937-2001).

ШІЛДЕ

2-	Қобызшы Хайна Болтаеваның туғанына 65 жыл (1957 -). Аспапшылардың Құрманғазы атындағы І республикалық байқауының лауреаты (1893). ҚР еңбек сіңірген әртісі (1994).
-	Қазақ КСРО халыққа білім беру ісінің үздігі, Ұлы отан соғысының ардагері Қайырбану Байбатшинаның туғанына 100 жыл (1922 - 2012). «Ерлігі үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін» медалдарының иегері.
13 –	Ғалым, филология ғылымының кандидаты Серікқазы Қорабай Сыбанбайұлының туғанына 65 жыл (1957-).
21 –	Балалар әдебиеті саласында қалам тартып келе жатқан Тауық Рымжановтың туғанына 85 жыл (1937 - 2012).
25 –	Социалистік Еңбек Ері, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының бұрынғы директоры (1949 – 1963), Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері Артем Мисакович Вартаняның туғанына 110 жыл (1912 – 1980).
27-	Қазақстаннан шыққан алғашқы әйел журналист Назипа Сағызбайқызының туғанына 85 жыл (1987-

	1934).
-	Өскемен педагогикалық институтының құрылғанына 70 жыл (1952; қазіргі С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті).

ТАМЫЗ

1 –	Композитор, педагог, қоғам қайраткері, Қазақстанның Халық артисі (1975) және КСРО (1981) Халық артисі, «Қамар сұлу» (1965), «Алпамыс» (1972) атты опералардың авторы Еркеғали Рахмадиевтің туғанына 90 жыл (1932 - 2013).
-	Жазушы, Баубек Бұлқышев атындағы Қазақстан жастар және журналистер сыйлығының лауреаты Думан Рамазанұлының туғанына 55 жыл (1967-).
5-	Жазушы Келіс Рақымжанұлының туғанына 60 жыл (1957-).
9-	Ақын Дәулеткерей Кәпұлының туғанына 45 жыл (1977 –). Түрлі Халықаралық, республикалық, облыстық жыр мүшәйралары мен ай «Сүтті іңір», «Бүлдірген ағып түскенше...» атты жеке жыр жинақтары жарық көрген.
11 –	Өскемен орталық мәдениет үйінің ашылғанына 60 жыл (1962; қазіргі Үлбі металлургия зауытының орталық мәдениет үйі).
-	Режиссер Марат Сақатовтың туғанына 75 жыл (1947 – 2000).
17 –	Жазушы Серік Ғабдуллаұлының туғанына 85 жыл. (1937 – 2014) «Көктем лебі» (топтама 1975); «Бұқтырма сарыны» (1978); «Көктем – көкөрім шағым» (1982) және т.б. жыр жинақтарының авторы.
18 –	Кескіндемеші, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан, «Қызыл жұлдыз» орденімен және түрлі медальдармен марапатталған Хайдар Рахымовтың туғанына 105 жыл (1917 – 1980).

20 –	«Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінің, одан кейін «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің Шығыс Қазақстандағы меншікті тілшісі болған Кеңесхан Зәкеновтың туғанына 85 жыл (1937 – 1993).
-	Ұлы отан соғысының ардагері Борзенец Степан Николоевичтің туғанына 100 жыл (1922 – 2016).
21 –	Семей ядролық полигонының құрылғанына 75 жыл (1947). Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің қаулысымен 1991 жылы 29 тамыз күні полигон жабылды.
25 –	Ғалым, геолог-минерал. ғылымының докторы, профессор Слямхан Жапархановтың туғанына 95 жыл (1927 -).
27 –	Журналист, жазушы Мусин Меңғали Шаймарданұлының туғанына 95 жыл (1927 - 2011).
29-	Ұлы отан соғысының ардагері Александр Иванович Соломатиннің (1922-1945) туғанына 100 жыл.

ҚЫРКҮЙЕК

1 –	Ақын Михаил Иванович Чистяковтың туғанына 105 жыл (1917 – 2006).
-	Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетке 70 жыл (1952).
5-	Кеңес одағының батыры Александр Колчиннің туғанына 100 жыл (1922 – 1973).
13 –	Ғалым, химия ғылымының докторы (1981), профессор (1983), «Қазақстан-Американдық еркін университеті» жеке оқу орнының негізін салушы және президенті, «Парасат» орденінің иегері Мәмбетқазиев Ережеп Әлхайырұлының туғанына 85 жыл (1937 -).
-	Өскемен ЖЭС-інің іске қосылғанына 75 жыл (1947).
15-	Қазақтың дәстүрлі және халық әндерін кеңінен насихаттап жүрген дарынды әнші Ерлан Рысқалидың

	туғанына 40 жыл (1982 -).
-	Шығыс Қазақтан облысындағы қазақ балаларына арналған алғашқы қазақ мектебінің ашылғанына 120 жыл (1902).
-	Семейде жазушы М. О. Әуезовтың 95 жылдығына орай қоладан жасалған ескерткіштің ашылғанына 35 жыл (1987). Ескерткіш авторлары: Т. С. Досмағамбетов, В. В. Катцев, А. С. Қайнарбаев.
19 –	Театр сыншысы Қуандықов Қажықұмар Кенжебекұлының туғанына 95 жыл (1927 - 1971).
20-	Ұлы отан соғысының ардагері Иван Григорьевич Сапалёвтың туғанына 110 жыл (1912 – 1976).
25-	Ұлы отан соғысының ардагері Яков Степанович Котельниковтың туғанына 100 жыл (1922 – 1972).
28 –	Қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957) Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл (1897 – 1961).
29-	Ұлы отан соғысының ардагері Андрей Григоревич Огневтің туғанына 120 жыл (1902-1943).
30 –	Кеңес Одағының батыры Лев Михайлович Роциннің туғанына 100 жыл (1922 – 1958).
-	Семейде, Абай алаңында орналасқан Абай ескерткішінің ашылғанына 50 жыл (1972). Ескерткіш авторы мүсінші Д. Г. Элбакидзе, сәулетші Шингараев.

КАЗАН

2 –	Жазушы Қайырды Назырбаевтың туғанына 75 жыл. (1947 -). Баспасөз саласындағы мінсіз қызметі үшін Шығыс Қазақстан облыстық Кеңесінің грамотасымен марапатталған. ҚР-ның Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған. Қатонқарағай ауданының Құрметті азаматы.
-----	---

3-	Әнші, композитор Арыстанбек Кәкиевтің туғанына 55 жыл (1967-).
9-	Ақын Тәңірберген Әміреновтың туғанына 110 жыл (1907-1985).
14 –	Жазушы, аудармашы Шәрбану Бейсенованың туғанына 75 жыл (1947 -). Қазақстан Республикасы Жоғары кеңесінің құрмет грамотасымен (1985) марапатталды. «Тағылымды тағдырлар» кітабы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2007).
28 –	Эстрада әншісі, Қазақстанның халық артисі (1986), Бүкілодақтық комсомол (1985) және Қазақстан комсомолы сыйлығының иегері (1976), «Парасат» орденімен марапатталған (2001), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері (2004) Роза Қуанышқызының туғанына 65 жыл (1957 -).
30-	Әлем чемпионатының жүлдегері Руслан Сейілханның туғанына 50 жыл (1972 -). Самбо мен дзюдодан Қазақстан біріншілігінде 12 рет жеңімпаз атанса, қазақша күрестен алты рет түйе палуан атағына ие болған.

ҚАРАША

1-	Лениногор қаласында (Қазіргі Риддер) қорғасын зауытының іске қосылғанына және алғашқы Қазақстандық қорғасын алынғанына 95 жыл (1927).
6 –	«Достық үйін» құру туралы актіге қол қойылғанына 30 жыл (1992).
-	Өскемендегі «Юбилейный» кинотеатрына 55 жыл (1967).
7-	Рубцовка Риддер теміржолының ашылғанына 85 жыл (1937).
13-	Қазақстандық Монет сарайының ашылғанына 30 жыл (1992).

17-	Тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашевтың туғанына 75 жыл (1947 -). Германия Археологиялық институтының корреспондент – мүшесі. Платина «Тарлан» сыйлығының иегері.
20 –	Мәдениеттанушы, философия ғылымының докторы (1997), профессор (1997) Ғабитов Тұрсын Хафизұлының туғанына 75 жыл (1947 -).
27 –	Айтыс ақыны Қалихан Алтынбаевтың туғанына 95 жыл. (1927-2002). Өз өмірінде отызға тарта айтысқа түседі. Оның айтыс өлеңдері «Ақындар жыры» (1961); «Айтыс» (3 том, 1966), «Ақындар шықты айтысқа» (1969), «Қазақтың қазіргі поэзиясы» (1975) жинақтарында жарияланған. «Дала бесік», «Қиял қанатында» жыр жинақтарының, «Қалбатау», «Ақсуат», «Көкпекті» танымдық зерттеу кітаптарының авторы.
28-	Ақын, жазушы Михалов Сергевич Тыцкихтың туғанына 100 жыл (1922- 2007).
29 –	Ақын, аудармашы Зейнолла Тілеужановтың туғанына 80 жыл (1942 -).

ЖЕЛТОҚСАН

4-	Ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Алмахан Мұхаметқалиқызының туғанына 60 жыл (1962 –). Ақынның «Жансая» (1999), «Тылсым сыры» (2002), «Жыр – ғұмыр» (2003) атты жинақтары жарық көрген.
5-	Көрнекті ғалым, көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик Шәкен Жарасовтың туғанына 85 жыл (1937 -).
-	Суретші Николай Павлович Аштемнің туғанына 80 жыл (1942-).
9-	Ұлы отан соғысының ардагері Василий

	Александровия Шлатиковтың туғанына 105 жыл (1917-2009).
10 –	Жазушы, драматург Әділбек Тауасаровтың туғанына 75 жыл (1947 – 1999).
13 –	Семейде желтоқсан құрбаны (1986) Қайрат Рысқұлбековқа арналған «Халық қаһарманы» бюст-ескерткішінің ашылғанына 20 жыл (2002).
15 –	Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл (1922 – 2011).
18 –	Жазушы Юрий Васильевич Антроповтың туғанына 85 жыл (1937 -2003).
19 –	Қазақтың белгілі жазушысы, ғалымы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің белсенді ұйымдастырушыларының бірі Әди Шәріпұлының туғанына 110 жыл (1912 – 1993) .
23 –	Жазушы, аудармашы Уақап Қыдырханұлының туғанына 90 жыл (1932 -).
-	Жазушы, ақын, драматург Әлібек Қаңтарбаевтың туғанына 75 жыл (1947 -).
25 –	Кеңес Одағының Батыры (27.02.1945) Иван Михеевич Астафьевтің туғанына 100 жыл (1922 – 1945).
-	Кеңес Одағының Батыры (1943) Қойгелді Аухадиевтің туғанына 115 жыл (1907 – 1943).
29-	Балалар жазушысы Евгений Титаевтың туғанына 65 жыл (1957-).

Айы мен күні белгісіз мерейтой иелері мен еске алынатын күндер

	Жазушы, ақын, балалар әдебиетіне де қалам тартқан Фатих Динисламовтың туғанына 105 жыл (1917–1965). Шығармалары: «Намыс» (1944), «Семсер» (1948), «Күшік пен мысық» (1959), «Аю мен бала»: балаларға арналған ертегілер (1961), «Қоқиланған қораз»: Ертегі (1965), «Көл жағасында» (1966).
	Ақын Арғынбек Апашбайұлының туғанына 140 жыл (1882/1883 – 1946).
	Ақын, журналист Асылбек Еділдің туғанына 70 жыл (1952 -). 2005 жылы «Көгілдір менің биігім» атты өлең жинағы жарық көрді.
	ҚР мәдениет қайраткері, айтыскер ақын Серік Қалиевтың туғанына 50 жыл (1972 -). 2007 жылы «Көзайым» атты жыр жинағы жарық көрген.
	Әдебиеттанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кенжехан Матыжановтың туғанына 65 жыл (1957-). Жүзден астам ғылыми және ғылыми – танымдық мақала, бес кітап жазған.
	Елімізге танымал айтыскер ақын Айнұр Тұрсынбаеваның туғанына 45 жыл (1977 -). Республикалық, халықаралық жыр – додасының бас жүлде иегері.
	Жерлес кинооператор Анатолий Лаптевтің туғанына 80 жыл (1942 -).
	Ақын Виктор Веригиннің туғанына 70 жыл (1952 -).
	Режиссер, театр және кино актері, ақын Рүстем Есдәулетұлының туғанына 45 жыл (1977 - 2009). «Бөрінама» жыр жинағының авторы.
	Қаракерей Қабанбай батырдың туғанына 330 жыл (1691-1769), басқа мәліметтерде (1692-1770). Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік

	көрсетіп, талантты қолбасшы ретінде аты шыққан.
	Кеңес одағының батыры Мұқатай Әбеуіловтың туғанына 105 жыл (1917 – 1944). Ленин, 1 – дәрежелі Отан соғысы ордендерінің иегері.
	Ленин, 2 – дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерінің иегері, Кеңес одағының батыры Григорий Баздыревтың туғанына 115 жыл (1907 – 1971).
	Ақын Асқар Лекеровтың туғанына 110 жыл (1912–1964). Шығармалары: «Достар» (1955), «Гауһар» (1965), «Түз гүлі» (1968), «Өмір оты» (1969)
	Ұлы отан соғысының ардагері, Ленин, 2 – дәрежелі Отан соғысы ордендерінің иегері Зәкәрия Белібаевтың туғанына 105 жыл (1917 – 1982).
	Кеңес одағының батыры Петр Бочарниковтың туғанына 115 жыл (1907 – 1944). Зрян қаласы көшелерінің бірі батыр есімімен аталады.
	Кеңес одағының батыры Яков Котельниковтың туғанына 100 жыл (1922 – 1972).
	Ақын Дмитрий Рябуханың туғанына 100 жыл (1922–1972). Шығармалары: «Колхоз даласы» («Колхозное поле») атты өлең жинағы, «Дорогой мира», «Новоселы», «Чиликане» т.б. өлең кітаптары.
	Сыбызғышы Талғат Мұқышевтың туғанына 60 жыл (1962 -). 2005 жылы жарық көрген «Сыбызғы сазы» атты кітаптың авторы.
	Кеңес одағының батыры , Ленин, Қызыл ту, Қызыл жұлдыз ордендерінің иегері Вениамин Кошуковтың туғанына 100 жыл (1922 – 1972).
	Кеңес одағының батыры Василий Литвиновтың туғанына 100 жыл (1922 – 1974).
	Ақын Байқадам Шөкшеұлы Бабықовтың туғанына 330 жыл (1692–1779). Шығармалары: «Өмір туралы», «Бұл дүние», «Келіндерге», «Не жаман» т.б.
	Кеңес одағының батыры, Ленин, Қызыл ту, Александр

	Невский, 1 – дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерінің иегері Василий Новиковтың туғанына 115 жыл (1907 – 1965).
	Кеңес одағының батыры Андрей Огневтың туғанына 120 жыл (1902 – 1943).
	Қазақстан журналистер одағы сыйлығының иегері, ақын, журналист Қуанбек Боқаевтың туғанына 80 жыл (1942 -). Жекелеген шығармалары бірқатар ұжымдық жинақтарға енген.
	Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР білім беру ісінің үздігі, «Парасат» орденінің, «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері, журналист Сайраш Әбішевтің туғанына 80 жыл (1942 -).
	Кеңес одағының батыры, майдангер Александр Поповтың туғанына 105 жыл (1917 -).
	Кеңес одағының батыры Сергей Средневтің туғанына 105 жыл (1917 – 1975).
	Кеңес одағының батыры, Ленин, Қызыл ту, Александр Невский, 1 – дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерінің иегері Николай Силиннің туғанына 100 жыл (1922 -
	Кеңес одағының батыры, Ленин, Қызыл ту, Александр Невский, 1 – дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерінің иегері Александр Соламатииннің туғанына 100 жыл (1922 – 1945).
	Әдебиетші, сыншы, аудармашы, қоғам қайраткері, Абайдың немере інісі Кәкітайдың ұлы Даниял Ысқақовтың туғанына 125 жыл (1897–1945).
	Ақын, қоғам қайраткері Тұрлықан Қасенұлының туғанына 120 жыл (1902–1942). «Кім күшті?» (1929), «Ерлер әңгімесі» (1934), «Оспан комсомол» (1934), «Нүкен» (1935) атты поэмалардың авторы.
	Жазушы, тарихшы Тұрсынхан Законұлының туғанына 60 жыл (1962 -). 2001 жылы ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық әдеби

	байқауда «Көк бөрілердің көз жасы» тарихи романы үшін жеңімпаз атанған.
	Журналист, педагог, саясаттанушы Ғалия Ибраеваның туғанына 70 жыл (1952 -). ҚР Журналистер одағы сыйлығының, Мак Артур (АҚШ) қоры грантының иегері.
	Ақын, педагог, этнограф, абайтанушы Садық Қасимановтың туғанына 120 жыл (1902–1977). Шығармалары: «Өс, өс, бөбек» (1961), «Сиқырлы сыбызғы» (1961), «Қазақ халқының өнері» (1962).
	Әнші Медет Салықовтың туғанына 45 жыл (1977-).
	Ақын, Ә. Тәңірбергеновтің дарынды шәкірті Шұғыбан Қауметұлының туғанына 125 жыл (1897 – 1943). Шығармалары: «Әріп өлгенде» (1924), «Ботақара батыр» (1930) т.б. өлеңдердің авторы.
	Кеңес одағының батыры, Ленин, Қызыл ту, Александр Невский, 1 – дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерінің иегері Даниил Синициннің туғанына 110 жыл (1912 – 1975). Семей қаласы көшелерінің бірі батыр есімімен аталған.
	Қазақ халқының батыры Көкжал Барақ-батырдың туғанына 320 жыл (1702; басқа мәліметтер бойынша XVII ғ. аяғы – XVIII ғ. ортасы).
	Әйгілі би, шешен, жырау Ақтайлақ бидің туғанына 280 жыл (1742 – 1838). Ақтайлақ бидің кесенесі Аягөз қаласының солтүстік – шығысында 55 шақырым жерде орналасқан.
	Глубокое ауданындағы Бобровка ауылының құрылғанына 255 жыл (1767).
	Кеңес одағының батыры, Ленин, Қызыл ту, Александр Невский , 1 – дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерінің иегері Николай Силиннің туғанына 100 жыл (1922 – 1999).
	Ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл (1802 – 1874).

	Социолистік Еңбек Ері, «1941 - 1945 Ұлы отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалымен марапатталған Ольга Антропованың туғанына 100 жыл (1922 -).
	Халық композиторы, әнші, ақын Әсет Найманбайұлының туғанына 155 жыл (1867 – 1922). «Салиха-Самен», «Перизат» т.б. қисса-дастандардың авторы.
	Кеңес одағының батыры, Ленин, Қызыл ту, Александр Невский, 1 – дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз ордендерінің иегері Петр Теряевтың туғанына 100 жыл (1922 – 1945).
	Семейде « Сары - Арқа » газетінің жарыққа шыққанына 105 жыл толады (1917 – 1918).
	Қазақ ССР-інің 50 жылдығы атындағы Өскемен педагогикалық училищесіне 60 жыл (1962; қазіргі <i>Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі</i>).
	Кеңес одағының батыры, Ленин, Қызыл жұлдыз ордендерінің иегері Владимир Урзляның туғанына 105 жыл (1916/1917 – 1945).
	Кеңес одағының батыры Василий Шулятиковтың туғанына 105 жыл (1917 – 2009).
	Социолистік еңбек ері Бекембай Әбжановтың туғанына 115 жыл (1907 – 1964). Еңбектегі жоғары көрсеткіштері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.
	Социолистік еңбек ері Сұлташ Баеловтың туғанына 125 жыл (1897/1902 – 1989). кен
	Социолистік еңбек ері Әшімбек Әлімбековтың туғанына 140 жыл (1882 – 1950).
	Социолистік еңбек ері Бектұрған Кенжаловтың туғанына 115 жыл (1907 -).
	Социолистік еңбек ері Прасковья Краснобаеваның туғанына 100 жыл (1922 -).
	Жазушы Келіс Рахымжановтың туғанына 65 жыл (1957 -).

	Зайсанға қала мәртебесі берілгеніне 50 жыл (1972). 1864 жылы құрылған.
	Социалистік Еңбек ері Досым Асановтың туғанына 130 жыл (1892 – 1992).
	Ұлы отан соғысының ардагері, Социалистік еңбек ері Николай Лозовойдың туғанына 100 жыл (1922 -).
	Социалистік еңбек ері Зинайда Резникованың туғанына 95 жыл (1927 -).
	Социалистік еңбек ері Аглулла Суфияновтың туғанына 95 жыл (1927 -).
	Генерал Хамза Зайсановтың туғанына 110 жыл (1912 – 1965). Қызыл ту орденінің иегері.
	Генерал, Философия ғылымдарының докторы, профессор, КСРО МҚК – нің Құрметті қызметкері Токтархан Нұрахметовтың туғанына 80 жыл (1942 -).
	Авиация генерал – майоры Тұрар Нұралиевтың туғанына 75 жыл (1947 -). Қызыл Жұлдыз, 3 – дәрежелі «КСРО Қарулы Күштерінде Отанға қызмет еткені үшін» ордендерімен, көптеген медальдарымен марапатталған.
	Техника ғылымдарының докторы, профессор Айтқазы Адрышевтың туғанына 80 жыл (1942 -). ҚР Минералдық ресурстар академиясының және Жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент – мүшесі.
	Физика – математика ғылымдарының докторы, профессор Леонид Дәуітовтың туғанына 80 жыл (1942 -). 120 – дан астам ғылыми жарияланымның
	Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҒА – ның корреспондент – мүшесі Мақаш Әлиакпаровтың туғанына 85 жыл (1937 -). ҚР Суретшілер одағының мүшесі.
	Биология ғылымдарының докторы Раушан Достанованың туғанына 85 жыл (1937 -). 70 ғылыми жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның авторы.
	Техника ғылымдарының докторы, профессор Төлеген

	Ипақаловтың туғанына 75 жыл (1947 -). 58 ғылыми жарияланымның, оның ішінде 4 монографияның авторы.
	Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Керімжановтың туғанына 75 жыл (1947 -). 80 – ге жуық ғылыми жарияланымның авторы.
	Техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Инженерлік академиясының корреспондент – мүшесі Қозы Қазыхановтың туғанына 85 жыл (1937 -).
	Саясаттану ғылымдарының докторы, тарихшы, саясатшы Дархан Қалетаевтың туғанына 50 жыл (1972 -). «Құрмет» орденінің иегері, 2009 жылдан «Самұрық – Қазына» Ұлттық әл – ауқат қорының атқарушы директоры.
	Философия ғылымдарының докторы Сайлау Қасабековтың туғанына 55 жыл (1967 -).
	Геология – минералогия ғылымдарының докторы, профессор Хакімжан Мүрсәлімовтың туғанына 95 жыл (1927 -). «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.
	Физика – математика ғылымдарының докторы Тоқтар Нүрекеновтың туғанына 85 жыл (1937 -). 80 – нен астам ғылыми аияланымның авторы.
	Медицина ғылымдарының докторы Нұрлан Рахметовтың туғанына 65 жыл (1957 -). 50 – ден астам ғылыми жарияланымның авторы.
	Медицина ғылымдарының докторы Ерлан Тайғұловтың туғанына 65 жыл (1957 -). 60 – тан астам ғылыми жарияланымның авторы.
	Медицина ғылымдарының докторы Балқаш Тыныбаевтың туғанына 75 жыл (1947 -).
	Техника ғылымдарының докторы Талғат Шормановтың туғанына 105 жыл (1917 - 1994). 170 – тен астам ғылыми жариялымның авторы. Авторлық бір кітабы жарық көрді.
	Марафондық жүгіруден спорт шебері Серікқазы Әзімбаеваның туғанына 55 жыл (1967 -). Қыр Шығыс аймағының чемпионы.

Аталып өтілетін мерейтой иелеріне қысқаша анықтама және әдебиеттер тізімі



Физика-математика ғылымдары бойынша қазақтың тұңғыш доценті Боқаев Сәдуақас Хасенұлының туғанына 115 жыл (1907-1942)

Боқаев Сәдуақас Хасенұлы (1907-1942) - физика-математика ғылымдары бойынша қазақтан шыққан тұңғыш ғалым, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің негізін қалаушылардың бірі, физика-математика факультетінің бірінші деканы.

Семей қаласында туған. 1932 жылы Мәскеу университетін бітіріп, сол жылы аталмыш университеттің аспирантурасына түсті. Бірақ Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты оны Алматыға шақыртып алды. 1932-1936 жылдары Қазақ педагогикалық институтының ассистенті, кафедра меңгерушісі, деканы, профессоры, Қазақ мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарып, студенттерге математиканың арнаулы салаларынан дәріс оқыды. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы терминология комиссиясының мүшесі болды. С.Боқаев дифференциалдық теңдеулер, арнаулы функциялар, конформдық түрлендіру теориясының және олардың механикада қолдану мәселелерін зерттеумен айналысты. Сонымен қатар орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырды.

Доцент С.Боқаев тарих кафедрасының меңгерушісі, профессор Ж.Асфендияров, М.Маркович және тағы да басқа

әріптестерімен бірлесе отырып, Мәскеу мемлекеттік университетінің озат тәжірибелерін оқу процесіне енгізді. Болашақ академик О.Жәутіковтың дипломдық жұмысына жетекшілік етті.

Жас ғалым 1935 жылы 28 жасында Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы математика және механика ғылыми-зерттеу институтында кандидаттық диссертация қорғады. 1937 жылы 30 жасында репрессияға ұшырап, түрмеде улап өлтірілді деген дерек бар.

2007 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің физика-математика факультетінде Сәдуақас Боқаевтың туғанына 100 жыл толу құрметіне «Физика-математика пәнін оқытудың әдістемесі мен теориясы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция және Семей қаласындағы педагогикалық институттың оқушылары арасында олимпиада өтті.

Боқаев Садуақас Хасенұлы - дарынды математик, өзінің қысқа, бірақ жарқын да мазмұнды өмірінде қазақстандық математиктердің, педагогтардың, инженерлердің, экономистердің, сондай-ақ еліміздің мектептері мен жоғары оқу орындары оқытушыларының жаңа әрі жас толқынын дайындауға баға жетпес үлес қосқан ғалым.



Әдебиеттер

- ◆ Боқаев С.: [қысқаша өмірбаяны] // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия 2 т.– Алматы, 1999. – Б. 361.

Қазақтың тұңғыш баскетболишы қызы
Дүйсенова Шолпанның туғанына
95 жыл

Дүйсенова Шолпан (18.03.1927 жылы туған, Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласы) — қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш баскетболшы. 1950—60 жылдары Қазақстан құрама командасында ойнап, команда капитаны болды. Дүйсенова Алматы дене тәрбиесі институтын бітіргеннен (1950) кейін Алматы дене тәрбиесі техникумында, “Динамо” командасында, кейіннен Қарағандының политехнология, кооп. институттарында жаттықтырушылық әрі ұстаздық қызмет атқарды. Дүйсенова көптеген шәкірт баулып, оларды республика құрама командасына қосты. Алматы қаласы командасының құрамына Дүйсенова Қазақстанның (1947—1960), Қазақстан мен Орта Азия республикалары спартакиадасының (1954—1956) чемпионы атанды. 1954—1955 жылдары Дүйсенова КСРО жастар құрама командасына қабылданды. КСРО Жоғары Кеңесінің “Құрмет” грамотасымен (1955), Бүкілодақтық спорт комитетінің дипломдарымен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің грамоталарымен, дипломдарымен марапатталған.



Әдебиеттер

- ◆ Дүйсенова Ш.: [қысқаша өмірбаяны] // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия 3 т. – Алматы, 1999. – Б. 303-304.



*Малдыбаев Оралбек
Бейсембайұлының
туғанына 100 жыл
(1922-2011)*

1922 жылы 10 сәуірде ШҚО Самар ауданы Көк-Жота ауылында дүниеге келген. Төрт айлық курсты аяқтап, 1940 жылы Самар ауданының Жаңажол жетіжылдық мектебінде мұғалім болып еңбекке араласа жүріп, Семей педагогикалық техникумында білім алды. Алайда, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, ол өз еркімен майданға аттанды.

1942 жылы ауыр жарақат алды. Әскери госпитальда ұзақ уақыт емделген соң, әскер қатарынан босатылды. Майданнан оралған соң 1943 жылы Самар ауданы Бастаушы орта мектебінің директорлығына, одан соң, 1944 жылы Зайсан аудандық білім бөлімінің меңгерушілігіне жіберілді. 1945 жылғы қаңтарда Зайсан аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланды.

1948 жылы БЛКЖО Орталық Комитеті жанындағы Москва жоғары комсомол мектебін бітірді. 1948-1950 жылдары алдымен насихат жөніндегі хатшысы, кейін Шығыс Қазақстан облысы комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет істеді. 1950-1955 жылдары түсті металлургия өнеркәсібінің дамуына ықпал етті. 1955-1957 жылдары Күршім аудандық партия комитетінің екінші хатшысы ретінде, одан соң аудандық атқару комитетінің төрағасы ретінде тың жерлерді игеруге қатысты. 1959 жылы Тарбағатай аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланды. 1962 жылы облыстық мәдениет басқармасының бастығы қызметіне тағайындалды. 1965 жылдан бастап төрт жыл Таврия аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, кейін Ұлан ауданы құрылған кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет істеді. Кейінірек жиырма жылдан аса облыстық мәдениет басқармасын басқарды.

Оралбек Бейсембайұлы КСРО Мәдениет министрлігінің мәдени насихат жөніндегі бүкілодақ комитетінің мүшелігіне, шетелдермен мәдени байланыс жөніндегі мүшелігіне, шетелдермен мәдени байланыс жөніндегі облыстық комитеттің төрағалығына сайланған. Өз мүгедектігіне қарамай, Оралбек Бейсембайұлы 88 жылдық ғұмырының 73 жылын еңбекке арнады.

Оралбек Бейсембайұлы 5 – шақырылған Қазақ КСР Жоғары кеңесінің депутаты болды, халық депутаттары Шығыс Қазақстан облыстық кеңесінің, 21 – шақырылған халық депутаттары Өскемен қалалық кеңесінің, халық депутаттары Тарбағатай, Күршім, Ұлан аудандық кеңестерінің депутаттығына сайланған. Ол Ұлан ауданының және Өскемен қаласының Құрметті азаматы, сондай-ақ, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер болды.



Әдебиеттер

- ◆ Елубай О. Алтайым, алтын бесігім / О. Елубай. - Алматы: «Әл-Фараби», 2000. – 192 б.
- ◆ Иманғали М. Биыл отбасын құрғанына да 65 жыл толышты // Дидар. – 2010. – 12 сәуір. – Б. 5.
- ◆ Малдыбаев О. Ардан аттаған жоқпыз / О. Малдыбаев. - Өскемен: Шабьт, 2006. – 132 б.
- ◆ Оралбек Бейсембайұлы Малдыбаев // Дидар. – 2010. – 25 қазан. – Б. 5.
- ◆ Танымал тұлға // Ақ Ертіс. – 2005. – № 2-3. – Б. 72-76.



*Журналист, ақын
Тұрғазы Нұқәевтың туғанына
85 жыл
(1937-2001)*

Қаламы қарымды журналист әрі облысымызға белгілі ақтаңгер ақын, Қазақстан Жазушылар және журналистер одақтарының мүшесі Тұрғазы Нұқайұлы Нұқәев 1937 жылы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Тұяқ ауылында дүниеге келді. Ел жақсылары қудалауға түскен зұлаMAT заман оны ата-анасынан ерте айырды. Төрт жасында соғыстың сұрапылына тап болды. Сөйтіп, ол қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей жатып-ақ колхоз шаруасына араласты. Жетімдіктің батпан жүгін арқалай жүріп, еңбекпен ерте есейді. Бұл өмір сынағының өзі жас таланттың бойына еңбекқорлық, тиянақтылық дәнін екті.

1956 жылы Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі-әдебиеті мен тарих факультетіне түсіп, оны 1960 жылы тәмәмдады. Ақынның әдебиетке, оның ішінде поэзияға деген талабының ұшталып, талантының ашыла түскені сол кезден бастау алды десек, қателеспейміз. Сол жылдардан бастап-ақ оның өлеңдері мен балладалары, басқа да балаң туындылары аудандық және облыстық газет беттерінде жарық көре бастады.

Жоғары оқу орнын бітіріп келгеннен кейін ауыл мектептерінде ұстаздық қызмет етті. Қатардағы мұғалімнен мектеп директорлығы қызметіне дейінгі жолдан өтті. Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің насихат бөлімінде істеді. Облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінің жауапты хатшысы және газет редакторының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. Бірқатар жас журналистердің қанатының қатайып, қаламының ұшталуына қол ұшын беріп, ағалық қамқорлығын көрсетті. Газет жұмысының ауыр жүгін өзгелермен

қоса арқалады. «Дидар» газетінде істеген жылдар ішінде Т. Нұқайұлынан тәлім-тәрбие алып республикамыздың сан қиырында журналист, жазушы болып жүргендер қаншама.

Сонда істей жүріп, оның өнерге, оның ішінде өлеңге деген өзіндік көзқарас, айқын да сара жолы қалыптасты. өлең, баллдаларды да, көркем очерк пен проблемалық мақалаларды да өндірте жазды. өзгеше стильмен өзінше жазды.

Республикалық және облыстық баспалардан оның «Тұңғыш», «Ұлы даланың ұлымын» атты өлеңдер мен баллада, поэмалар жинақтары және «Әз ағамыз - Әнекен», «жарқыраған қос жұлдыз» атты көркем – публицистикалық кітаптары жарық көрді. Тұрғазы Нұқаев өмірінің соңғы жылдары «Қазцинк» ашық акционерлік қоғамының «Қазцинк жаршысы» газетінде қызмет атқарды.

1978 жылы "Жалын" баспасынан "Тұңғыш" атты жыр кітабы жарық көрді. Жылдар өткен сайын ақын талай күрделі тақырыптарды игерді, өлеңдерінің көркемдік қасиеттерін жетілдіре түсті. Шығармалары әрдайым нақты өмір тәжірибесінен алынған шынайылығымен оқырман жүрегінен орын алған. "Ауыл", "Жол үстінде", "Тау тарланы" т.б лирикалық дастандары мен толғаулары осының айқын куәсі. Сондай-ақ Т. Нұқайұлының көптеген шығармаларында ел бірлігі, өзара ынтымақ мәселелері айқын, анық айтылып, береке бірлік, ынтымақты нығайтуға шақырады.

Тұрғазы Нұқайұлы З.Баянов атындағы облыстық журналистер жұлдесінің иегері.

Ақын Т.Нұқайұлы 2001 жылы қайтыс болды.



Әдебиеттер

◆ Алтай Ө. Жұлдыздар жайлы сыр: (Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Т.Нұқайұлының «Жарқыраған қос

жұлдыз» атты ғұмырнамалық кітабының тұсаукесер рәсімінен) // Дидар. – 1999. – 8 мамыр. – Б. 6.


◆ Ерқасов К. Тұрғазы ағаны еске алу кешінен // Ақ Ертiс. – 2003. – №2. – Б. 14-15.

◆ Кәртаева А. Өңіріміздегі қаламгерлер шығармашылығы // Мәдениет жаршысы. – 2008. – №3. – Б. 39-43.

◆ Қаңтарбаев Ә. Ғұмырлы болыңыз аға: (Өскемен қаласының ақыны Т.Нұқаев туралы) // Дидар. – 19970. – 26 маусым. – Б. 4.

◆ Қасенов С. Аға рухын аңсау // Дидар. – 2003. – 5 сәуір. – Б. 6.

◆ Нұқайұлы Т. Жарқыраған қос жұлдыз / Т. Нұқайұлы. - Өскемен, 1999. – 172 б.



Жазушы Тауық Рымжановтың туғанына 85 жыл

Тауық Рымжанов 1937 жылы 21 шілдеде Шығыс Қазақстан облысына қарасты Абыралы ауданының Дегелең ауылдық кеңесіндегі Төлебай ауылында дүниеге келген.

Дегелең 1949 жылы «Семей ядролық сынақ алаңы» деген атпен полигонға айналды да, Абыралы жұрты 1953–1954 жылдары басқа облыс–аудандарға көшірілді.

Бастауыш мектепті Дегелеңде, орталау мектепті Қайнарда, орта мектепті Таскескенде бітірді. 1962 жылы Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген соң, қырық жылдай ұстаздық етті. Оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін атқарды.

Әдебиетпен ерте айналысқанымен, кітаби дүниелері кештеу жарық көрді. 1984-2004 жылдар аралығында он шақты кітаптың авторы дәрежесіне жетті.

«Зәйтүн қарлығаштың ерлігі» (1984 ж.), «Өлместің жұлдызы» (1994 ж.), «Алтын ара» (1995 ж.) «Гүл ағашы» (1999 ж.) ертегі–повестерін оқырман қауым жылы қабылдады.



Әдебиеттер

◆ Балалар бағының бағбандары / Алматы: Балалар әдебиеті, 2008. – 300 б.

◆ Рымжанов Т. Суталқан // Ақ Ертіс. – 2009. – №.5.- Б. 39-53.



*Ғалым, химия ғылымының докторы,
профессор
Мәмбетқазиев Ережеп
Әлхайырұлының
туғанына 85 жыл*

Мәмбетқазиев Ережеп Әлхайырұлы 1937 жылы 13 қыркүйекте, Астрахан облысының Калинин селосында туған (Ресей).

1963 ж. - ҚазПИ-ді бітірген.

1963-1984 жж. ғылыми педагогикалық жұмыстар атқарды.

1981 ж. химия ғылымының докторы атағын Мәскеудегі М. Ломоносов атындағы Мемлекеттік Университетінде қорғады. Профессор (1983)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі (2003).

1989 жылдан ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, бірнеше халықаралық Академиялардың; жоғарғы мектептердің академигі болды.

2001 жылдан Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің ректоры қызметін атқарды.

1993-1995 ж. Қазақстан Республикасының Білім министрі болып қызмет істеді.

Өскемен қаласының құрметті азаматы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ ректоры; Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі, «Парасат» орденінің иегері. Президент пен Үкіметтің қолдауын тапқан және тәжірибеге енгізілген білім беруді реформалаудағы инновациялардың авторы. Оның бастамасымен 1991 жылы Өскемен педагогикалық институты Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті болып өзгертілді, ол ҚР-дағы үшінші және Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі бірінші университет болды. Республикада Халықаралық серіктестік негізіндегі бірінші – ҚАЕУ құрды. Қазақстан Республикасында тестілеу жүйесін, үш тілде оқытуды, үздіксіз көп сатылы білім беру жүйесін енгізудің бастамашысы болды, бұл бастама арқылы

республикада ШҚМУ бірінші болып магистрлер мен бакалаврларды дайындай бастады. Ғылыми зерттеулерді дамытты, материалдық базаны нығайтты: университет бірнеше ірі ғимаратқа ие болды, Сібе көлінде оқу-ғылыми-өндірістік кешен салынды; ӨПИ меншігіне «Панкратьев бағы» атты бақ шаруашылығы берілді. ШҚМУ Университеттердің еуразиялық ассоциациясы мен «Сібір ашық университеті» ассоциациясына мүше болды. Моңғолияда ШҚМУ филиалы ашылды.

1994 жылдан Қазақстан-Америка еркін университетінің (Өскемен қаласы) Президенті. Негізгі ғылыми жұмыстарының бағыты координациалық қосылыстар электрохимиясы; табиғат қорларын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың химиялық, биологиялық әдістеріне арналған. Түсті металлургия кәсіпорындарындағы түсті, сирек металдарды, өнеркәсіптің ақаба және қайтымды суларындағы сынап және соған сәйкес элементтерді, ауыр металдарды бөлу және анықтау әдістерін енгізді. Сонымен қатар шараптарды диметалдау, қаракөл терілерін өңдеуде және сақтауда қолданылатын технологиялық ерітінділерді жасап, өндіріске енгізді. Мәмбетқазиевтың тікелей қатысуымен жаңа технологиялар енгізу жөніндегі неміс концерні “Штокхаузен” мен “Альдос” фирмасының базалық кәсіпорны Қазақстан-Герман-Ресей экологиялық орталықтары ашылды (1996). Осы орталықтар негізінде таза су және жаңа технологиялар УЗИ құрылды.

650-ден астам ғылыми әдістемелік еңбектердің авторы, олардың көпшілігі АҚШ-та, Қытайда, Моңғолияда басылып шыққан. Е. Мәмбетқазиев “Парасат” орденімен марапатталған.



Әдебиеттер

- ◆ Қадірі жоқ, қайран тақ... // Дарабоз. - 2011. - №1 . - Б. 50-55.
- ◆ Мәмбетқазиев, Ережеп Альхайырұлы. Білім: алаңдау мен үміт = Образование: тревоги и надежды / Е. А. Мәмбетқазиев ; ред. Н. К. Сагымбаева. - Өскемен : ШҚМУ баспасы, 1997. - 260 б.



*Халық жазушысы
Әзілхан Нұршайықовтың
туғанына 100 жыл
(1922 -2011).*

Қазақ әдебиетінде елеулі орын алатын белгілі қаламгер, халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов 1922 жылы 15 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданында, Келінсүйегі деген жерде туған. Бала күнінде алғашында ақын, артынан инженер болсам деп арман етті. Соңғы арманға табан тіреп, ауылдан жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін Алматыдағы, ол кезде тау-кен институты аталатын (қазіргі политехникалық) оқу орнының жұмысшы факультетіне түседі. Алайда жағдайға байланысты Семейдегі Абай атындағы Қазақ педагогикалық училищесіне барып оқуға мәжбүр болды. Осы кезде инженер болу үміті өшіп, ақындық арман қайта оянды. 1941-1945 жж. Қызыл Армия қатарында қызмет етті. Ұлы Отан соғысы кезінде өлеңдері, әскери әңгімелері мен очерктері майдандық, республикалық және облыстық газет беттерінде жиі басылып тұрды. Соғыстан кейін Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірді. «Қазақстан пионері» газетінің бөлім меңгерушісі, «Социалистік Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі және редактордың орынбасары, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің редакторы, республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып қызмет істеген. Қазақ Совет энциклопедиясы тіл, әдебиет және фольклор редакциясының меңгерушісі, Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері болған. Көп жылдар бойына Қазақстан Жазушылар Одағы проза кеңесінің, жас әдебиетшілер кеңесінің төрағасы болып келді.

Ә. Нұршайықов өзіндік көзқарас, қолтаңбасы бар қаламгер. Ел-жерді көп аралаған, әр алуан адамдармен кездескен, өмір

оқиғаларын, кейіпкерлерді де ойдан емес, керісінше қалың көптің ішінен іздеп табады. Әр алуан көрініс-жайттардан өзінше байлам-қорытынды шығарып, зерттеп зерделейді. Жазушы шағын жанрдан көлемді туындыға дейін болашақ шығармасының дерек-материалын молынан жинап, естелік-сұхбат, хат жазбаларға да зор маңыз беріп, көңіл күнделігіне түсіре береді. Мұның соңы белгілі: ауызша әңгімеден роман-диалогқа дейін қалың көпке көркем қалыпта, жүйелі, жинақы, тартымды сипат-үлгіде жетеді.

Алғашқы очерк, әңгімелер жинағы «Алыстағы ауданда» деген атпен 1956 жылы жарық көрген. Алпысыншы жылдардан бастап біржола көркем прозаға ауысты. Жиырмадан астам кітабы шықты: «Махаббат жыры» (повестер, 1964), «Тоғыз толғау» (1977), «Автопортрет» (әдеби портреттер, 1977), «Махаббат қызық мол жылдар» (1970) романы және «Ақиқат пен аңыз» (1976) роман-диалогы, «Екі естелік» (1985), «Жамбылға хат» атты әскери естеліктері (1996) және т.б. Бұл туындылардың бірқатары «Жазушы» баспасынан бірнеше дүркін орыс тілінде де басылып шықты. «Песня любви» (1965, 1975, 1982); «Истина и легенда» (1982), Мәскеудің «Советский писатель» баспасынан «Истина и легенда» (1980) және «Дорогой памяти» (1985) кітаптары жарық көрді. «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы украин («Дніпро», 1984) және чех (1985) тілдеріне аударылып жарияланды. Жеке шығармалары қырғыз, өзбек, тәжік, молдаван, татар, якут тілдеріне аударылған. 1980 жылы «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы үшін қазақ КСР-інің Абай Атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

И. Буниннің шығармаларын, М. Шолоховтың «Адам тағдыры», П. Павленконың «Жарияланбаған хат» әңгімелерін, А. Якобсонның «Қорқау» пьесасын және басқа туындыларды қазақшалады.

II дәрежелі Даңқ, «Құрмет Белгісі», Халықтар достығы және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Батырлығы үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдарымен, 3 мәрте Қазақ КСР

Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды (1962, +1972, 1982).

Журналист-жазушы Ә. Нұршайықовтың ақындық өнері, шығармашылық мұрасына жіті көзбен ден қойсақ, көптеген қаламгерлер секілді, өлең-өнерді өмірдің басты мұраттарының бірі ретінде ерте серік еткені, сол арқылы айнала әлемді, адам қайратын, еңбек сипатын, жастық-достық сырларын қал-қадірінше көңіл көрігінде қорытып, көркемдік көкжиегіне еркін де сергек, серпінді түрде құлаш сермеуі терең танылады. Айқын аңғарылатыны: көзбен көріп, көңілмен сезінген қайсыбір құбылыс, көріністерді қаз-қалпында табиғи баяндап, жүйелі де жеңіл жеткізеді. Ой мен сөз, сыр мен сезім тұтастығында да бірлік-байланыс мұраттары айқын, жан жылуы мен көңіл шуағынан мол мейірім, сән-салтанат сипаттары сезіледі, терең талғам мен тебіреніс-тербелістердің де бары байқалады.

Осы бағыт-ізденістерді Ә. Нұршайықов «Әсем», «Ботагөз», «Ғажайып адам», «Ескі дәптер», «Махаббат жыры» сынды лирикалық повестерінен, «Талқы», «Асық», «Баяндама», «Телеграмма» секілді әңгіме-эсселерінде терең дамытады.



Әдебиеттер

◆ Әзілхан Нұршайықов: [Қазақстанның халық жазушысы Ә. Нұршайықов туралы қысқа мағлұмат] // Сынып жетекшісі = Классный руководитель. – 2003. – N 6. – Б. 32.

◆ Нұршайықов Әзілхан: [Жазушы Әзілхан Нұршайықов туралы] // 1992 жылғы мәдени атаулы даталарға арналған библиографиялық көрсеткіш / Құраст. Қазақ ССР-інің Мемлекеттік Республикалық балалар кітапханасы. – Алматы, 1991. – Б. 62 – 65.

◆ Нұршайықов Әзілхан // «Қазақстан жазушылары: XX ғасыр». Анықтамалық. – Алматы, 2004. – Б. 235 – 236.

◆ Нұршайықов Әзілхан // Советтік Қазақстан жазушылары: био-библиогр. анықтамалық / Құраст. С. Ахметов, Д. Еркішев. Жауапты редакторы Т. Рахимов. – Алматы, 1987. – Б. 463 – 465.

◆ Нұрымова Қ. Ә. Нұршайықов шығармашылығы және тұлға мәселесі / Қ. Нұрымова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2005. – N 5. – Б.120 – 122.

◆ Тұрсынбек Р. Ә. Нұршайықовтың ақындық өнері / Р. Тұрсынбек // Ұлағат. – 2005. – N 4. – Б. 69 – 95.



Ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл (1802-1874)

XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, туған елінің тарихи бір кезеңін өз болмысымен жырлап өткен ақын – Дулат Бабатайұлы. Ол ақ патшаның қазақ елін отарлағанын өз көзімен көрген. Соған барынша наразылық білдірген адам. Дулат Бабатайұлы 1802 жылы Балқаш пен Аягөз маңын жайлаған Найман-Сыбан елінде туған. Дулат ескіше оқыған сауаты жан еді. Оның арқасында асқақ жырау Ақтанберді толғаулары халыққа жеткен. Айта кететін бір жайт, Дулат Бабатайұлы тұңғыш рет баспадан өлеңдері кітап болып шыққан ақын. Жинақты баспаға дайындаған адам Сейілұлы Мәулікен деген адам. Ол Дулат өлеңдерінің 800 жолдайын іріктеп алып, оған «Өсиет - нама» деген ат қойып, Қазан қаласында басып шығарды. Бұл тұңғыш өлеңдер кітабы болатын. Сонымен қатар Дулаттың өлеңдерін жинаған Бәйділдә (1839–1919 жылдары өмір сүрген) деген адамның қолжазбасын сақтап қалған. Ғаббас

Байділдәулы мен Шәкір Әбенұлының еңбегі бір төбе. Олар ғылыми жұртшылыққа табыс еткен Дулат өлеңдерінің біразы (1500 жолдай) солар арқылы жеткен.

Рас, кеңес кезінде Дулатты байлар мүддесін қорғаған ақын деп кінәлады, өлеңдерін бұрмалады.

Би мен бектің сәні жоқ,
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса, -

Деп келген өлеңнен астар іздеп, бай мен бекті, биді қорғаған десе не дерсің. Оның да жөні бар еді. Дулат ақ патшаның қазақ жерін отарлауына отты жырлармен бірден-бір қарсы тұрған адам болатын. Бір өлеңінде ол қалмақтан Арқаны қазақтардың қайтарып алғанын сөз ете келіп, сол аяулы қонысты енді патша отарлаушыларына бермеуді жырмен білдіріп, «Ақтан жас» деген өлеңінде:

О, Ақтан жас, ақтан жас,
Сен ер жетер ме екенсің.
Жетімдіктің белінен,
Асып өтер ме екенсің?!
Бадана көз, тоғыз тор
Сауыт киер ме екенсің.
Белтеліні тұтатып,
Түтін үзбей оқ атып,
Жау қашырар ма екенсің, -

деп армандайды. «Еспембет» атты ұзақ толғауы да осы сарында жырланды. Бірақ ақ патша алған бетінен қайтпады. Қазақ жұртында сатқын, жағымпаз билеушілер пайда болды. Пара алып, баюды армандайтындар көбейді.

Қол бала құс секілді
Биялайға қарайсың.
Не тұлғама тұтқа боп
Не керекке жарайсың?
Ашылған әбден араның

Түйені жұтсаң түгімен
Қақалмай бір–ақ жалмайтын.

Бұл сөз жоқ, батыл сын, ақынның бетін танытатын шығарма. Бұл тұста ұлы Абай Дулатқа үңіліп, оның кейбір пікірлерін жетілдіре түседі. Мысалы, «Болыс болдым, мінеки» («Күлембайға») «Мәз болады болысын» осыған дәлел.

Дулат – қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш мысал жазған ақын. Оның бізге жеткен төрт–бес мысалы бар, яғни ол өлеңге жаңа форма әкелуші. Оның «Шымшық пен бөдене», «Сарышымшық», «Қара қарға жем тілеп», «Шаштараз».

Дулат - өлеңдері ойлы, нәрлі образды, ғажап теңеулерді қолданған керемет ақын. Мысалы, Томырықмінез адамды, «мұздап тоңған ағаштай» деп суреттеуі қандай керемет.

Дулат ақынның шығармаларының басым бөлігі – дидактика. Оны уақыт талап етті. Замандастары ішінен Дулат сияқты бұл табиғатты әдемі жырлаған адамды кездестіру қиын. Ол адам мінезін жасауға да шебер.

«...Шіркейге жетпес етім бер

Алтыннан ауыр денем бар...» деуі осының айғағы.

Иә, ақын өз халқы алдында адал еңбек етіп, 1874 жылы дүниеден өтті. Абайдай ұлы ақындарға ұстаз болу әсте кім көрінгеннің қолынан келе бермейді.



Әдебиеттер

◆ Абайға ұстаз болған: [қысқаша өмірбаяны] // Тұңғыштар / құраст. Ш. Күмісбаев – Алматы, 2007. – Б. 55-57.

◆ Ғабділахмет Ш. Дулат Бабатайұлы // Дидар. – 2002. – 15 маусым - Б. 4-5.

◆ Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. 4 – т. / - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 438 б.

- ◆ Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен: Зерттеулер, мақалалар, естеліктер / С. Қирабаев. - Астана: Фолиант, 2002. – 504 б.
- ◆ Омарұлы, Бауыржан. Отаршылдыққа қарсы

Есімдердің алфавиттік көрсеткіші

Авазбакиева Магинур Фатқұлқызы	7
Айтықов Ізғұтты	5
Алтынбаев Қалихан	15
Антропов Юрий Васильевич	16
Астафьев Иван Михеевич	13
Аухадиев Қойгелді	17
Әбдірахманов Төкен	9
Әміренов Тәңірберген	14
Әуезов Мұхтар	14
Бабатайұлы Дулат	15
Бабықов Байқадам Шөкшеұлы	14
Байбатшина Қайырбану	11
Бейделдинов Уәлиахмет	10
Бейсенова Шарбану	14
Белімбаев Закария	10
Бегалин Мәжит	6
Берестов Федор Сергеевич	5
Боқаев Сәдуақас Хасенұлы	7
Болтаевна Хайна	11
Борзенец Сиёпан Николоевия	12

Буров Павел Петрович	7
Буланова Зоя	4
Вартанян Артем Мисакович	11
Веригин Виктор	14
Гребенщиков Георгии Дмитриевич	9
Ғабдуллаұлы Серік	12
Ғабитов Тұрсын Хафизұлы	15
Динисламов Ғатих	14
Дүйсенова Шолпан	7
Досымжанов Байғали	5
Ерқасов Көпен	5
Есімжанов Төлеуғали	6
Есдәулетов Бағдат	5
Есемжанов Төлеуғали	7
Жақсыбаев Нәби Құлшыманұлы	6
Жаңбырбаев Әбілқасым	4
Жапарханов Слямхан	13
Жарасов Шәкен	16
Жүнісов Марат	5
Зәкенов Кеңесхан	12
Заутдин Шәмші	10
Ибраев Мерғали	10
Исмайылов Төлеужан	7
Категенов Нұрия	12
Камалиев Көкенай	6
Кәкиев Арыстанбек	14
Кәпұлы Дәулеткерей	12
Көкжал Барақ-батыр	15
Кұлжанова Назипа Сағызбайқызы	11
Куленов Ахат Сәлемхатұлы	8
Колчин Александр	13
Қасенұлы Тұрлықан	14
Қасиманов Садық	15
Қаңтарбаев Әлібек	17

Қауметұлы Шұғыбан	15
Қорабай Серікқазы Сыбанбайұлы	11
Қуандықов Қажықұмар Кенжебекұлы	14
Құл – Мұхаммедұлы Рахымғали	7
Қыдырханұлы Уақап	17
Лаптев Анатолий	14
Лекеров Асқар	14
Мамыраев Бейбіт	6
Малдыбаев Оралбек Бейсембайұлы	8
Махлова Светлана (Шишкина)	8
Мәмбетқазиев Ережеп Әлхайырұлы	13
Мәкішев Бахтажар	8
Молдағалиев Жанғазы Әкімұлы	10
Мусин Меңғали Шаймарданұлы	10
Мұхамадиев Хамза Мұрсалимович	5
Мұхамметқалиқызы Алмахан	16
Мұтанов Ғалымқайыр	11
Назырбаев Қайырды	14
Найманбайұлы Әсет	15
Нетисов Владимир Николаевич	7
Николай Павлович Аштем	16
Нұқаев Тұрғазы	11
Нұршайықов Әзілхан	16
Оспанов Мұратбек	7
Огнев Андрей Григоревич	14
Панкратьев Дмитрий Гордеевич	9
Петров Владимир Николаевич	8
Полторанин Алексей	8
Порвуша Клим Семенович	7
Рамазан Думан	12
Рахмадиев Еркеғали	12
Рахымжанов Келіс	15
Рахымов Хайдар	12
Рощин Лев Михайлович	14
Рымбаева Роза Қуанышқызы	15

Рымжанов Таупық	11
Рысқали Ерлан	13
Рябуха Дмитрий	14
Салықов Мақсұт	10
Сапаралы Бейбіт	6
Сапалев Иван Григорьевия	14
Сақатов	12
Самашев Зейнолла	15
Сейілхан Руслан	15
Соломатинн Александр Ивановия	13
Семенов Тянь-Шанский Петр Петрович	4
Котельников Яков Степанович	14
Таусаров Әділбек	16
Тілеужанов Зейнолла	16
Титаев Евгений	17
Михайлов Сергевия Тыцких	16
Хасенов Мұхамметқали	4
Чистяков Михаил Иванович	13
Шарабарин Николай Александрович	7
Шлатиков Василий Александровия	9
Шәріпұлы Әди	17
Ысқақов Даниял	14

Мазмұны

Құрастырушыдан	3
Әдебиеттер тізімі көрсетілмеген аталып өтілетін және еске алынатын күндердің тізбегі	4
Айы мен күні белгісіз мерейтой иелері мен еске алынатын күндер	14
Аталып өтілетін мерейтой иелеріне қысқаша анықтама және әдебиеттер тізімі	16
Есімдердің алфавиттік көрсеткіші	34

**«ОТАН – ӨТКЕНІМІЗДІ ТАНЫП, БАҒАЛАЙ
БІЛУ, ЕҢ ӘУЕЛІ ӨЗІМІЗДІ ҚАДІРЛЕЙ БІЛУ»**



Құрастырушы:
Редактор:
Шығаруға жауапты:

Тогтар А.
Буханова Ж.Н.
Мукашева К.Б.